

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 1 (2025)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/SUCA7190>

**\*Н. А. Нуркина**

Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0458-8588>

\*e-mail: [nurkina.nazgul@mail.ru](mailto:nurkina.nazgul@mail.ru)

## **МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ «ГҮЛШАТ-ШЕРИЗАТ» ДАСТАНЫ**

*Бұл мақала Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығыс қиссаларының сарынында жазылған «Гүлшат–Шеризат» дастаны жөніндегі зерттеу болып табылады. Қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орны бар философ, агартушы, фольклортанушы, ақын, ойшыл, этнограф, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын, оның ішінде дастандарын жан-жақты зерттеу – бүгінгі күнгі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасын зерттеп, осы тақырыпта қалам тартқан ғалымдар аз емес. Ақын шығармалары бойынша көптеген диссертациялар қорғалып, ғылыми еңбектер де жарияланды.*

*М. Ж. Көпейұлының поэтикалық мұраларының едәуір бөлігін дастандар құрайды, ол бірнеше ірі дастандар жазған ақын. Дастандары әр түрлі тақырыпта жазылған, олардың біреуінде жеке адамдардың өмірі сипатталса, енді бірінде қоғам өмірі сипатталады, бірі діни тақырыпта жазылса, енді бірі шығыстық сюжеттерден алынып, шығыстық сарында жазылған. «Гүлшат-Шеризат» дастаны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ақындық шеберлігінің айқын көрінісі болған айшықты шығармасы. Дастан адамиылық, әділдік, адал ниет тақырыбында жазылған, дастанда әділдіктің жеңіске жетуі, әділдік, гашиқтық сөз болады.*

*Мақаланың мақсаты – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дастандарын қарастыру, оның ішінде «Гүлшат-Шеризат» дастанына көркемдік тұрғыдан талдау жасау, оның басқа дастандармен ұқсастығын және айырмашылығын ашып көрсету.*

*Кілтті сөздер: Мәшһүр Жүсіп дастандары, идея, тақырып, сюжет, зерттелу тарихы, көркемдік ерекшелік.*

### **Кіріспе**

Қазақ әдебиетінің тарихында философ, ағартушы, фольклортанушы, ақын, ойшыл, этнограф, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының орны бөлек. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – өз заманында танымал болған ақындардың бірі. Қазіргі уақытта Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы Қазақстанның әдебиеті мен қоғамында лайықты орын алады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – қазақ әдебиеті тарихындағы ұлы ақындардың бірі. Ақынның шығармашылық мұрасы – барлық түркі тілдес халықтардың әдебиеті үшін рухани байлық. Оның шығармалары халықты жақсылыққа, шындыққа, әділдік пен парасаттылыққа шақырады, сондай-ақ ұлттық сананы оятуға бағытталған. Ақын өз шығармашылығында шындықты объективті бейнелеу, дәстүрлерді жалғастыру және одан әрі дамыту және сол кездегі қоғамда орын алған басқа да өзекті мәселелерді жарыққа шығаруға ерекше мән береді. Ақынның бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтқан әрбір сөзі бүгінде қанатты сөз сияқты.

Ұлы ақын қазақ халқының ұлттық мақтанышы болды. Өлендерінен қазақ өмірінің шындығы, қазақ даласының табиғаты, қазақ халқының арман-тілегі, ұлттың болмысы мен бітімі, дүниетанымы көрінеді. Сол аумалы-төкпелі заманда қоғамның алдағы бағытын анықтау, елдің елдігін, бірлігі мен тұтастығын, ұлттық рухының тазалығын сақтау қажет болды. Тек сол заманда ақынның осындай мол рухани мұрасының маңызын көрсетуге мүмкіндік болмады.

Мәшһүр Жүсіп айналасындағы өзге адамдарға құрметпен қарайтын адал, ар-ожданшыл, діндар адамдарды жоғары бағалады. Ақын үшін ең маңызды ұғымдар ар-ождан, адамшылық болды, ол ағартушылық идеяларын қорғады. Ол білім, өнер адамның жанын тазартады және оған жоғары мақсаттарға жетуге көмектеседі деп сендірді. Ол өзінің бұл ойын дінмен байланыстырды. Оның пікірінше, Құдайды тану адамшылыққа, әділеттілікке әкеледі. Сондықтан оның дүниетанымында Құдайға деген сенім ерекше орын алады. Оның философиялық еңбектерінде адам мен қоғамның өміріне, сол кездегі өзекті мәселелерге қатысты анықтамалар берілген.

### **Материалдар мен әдістері**

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алар орны ерекше. Осы мақаланы жазу барысында бірқатар танымал ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, теориялық материал жинақтау, осы ғалымдардың зерттеу жұмыстарын саралау, талдау, сараптау мен пікірлерін қорыту әдіс-тәсілдері қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасын зерттеп, осы тақырыпта қалам тартқан ғалымдар аз емес. Ақын шығармалары бойынша көптеген

диссертациялар қорғалып, ғылыми еңбектер де жарияланды. Ақын шығармашылығы Б. Кенжебаев, С. Дәуітов, М. Бөжеев, С. Негимов, У. Қалижан, Қ. Жүсіп, С. Сүтжанов, Н. Жүсіпов, Е. Жүсіпов, Г. Жүсіпова, т.б. секілді үлкен ғалымдардың назарына ілігіп, ғылыми зерттеу нысанына айналды. Ғалымдардың біршама зерттеу еңбектері жарық көрді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары, артында қалған мол мұрасы әлі де зерттеліп келеді.

М. Ж. Көпейұлының поэтикалық мұраларының едәуір бөлігін дастандар құрайды, ол бірнеше ірі дастандар жазған ақын. Бірақ олар кезінде жарияланбай қолжазба күйінде тараған. Дастандары әр түрлі тақырыпта жазылған, олардың біреуінде жеке адамдардың өмірі сипатталса, енді бірінде қоғам өмірі сипатталады, бірі діни тақырыпта жазылса, енді бірі шығыстық сюжеттерден алынып, шығыстық сарында жазылған. Дегенмен көпшілігі діни тақырыптарға арналған. Осыған байланысты ақынның дастандары шығыс классиктерінің шығармаларына ұқсас. Діни дастандарда автор көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан халық ертегілерінің дәстүрін көркем әдебиет деңгейіне көтерді. Ол әдебиетте бұрын болған бейнелерді бейнелеуде сапалы жаңа деңгейге жетті.

Жалпы қазақтың қисса-дастандарының біршамасы шығыстық сарында жазылған болса, тағы бір бөлігі қазақ халқының өз өмірі, ортасы, тұрмысы мен болмысын суреттейтін, күнделікті тіршілігі жайлы жазылған. Танымал ғалым, әдебиеттанушы, әдебиет тарихын зерттеуші, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Бөжеев қазақтың дастандарын, оның ішінде М. Ж. Көпейұлының дастандарын зерттеп, осы тақырыпта көптеген ғылыми еңбектер жазған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дастандары біршама зерттелген тақырып. Жалпы, оның шығармашылығына арналған көптеген диссертациялардың жазылуы, оқу құралдарының, монография мен оқулықтардың жазылуы бұл саланың зерттеліп, қолға алынып жатқандығының дәлелі.

Мәшһүр Жүсіп шығыс тілдерін жетік меңгерген, сонымен қатар араб, парсы поэзиясын көп қарастырған. Ежелгі шығыс әдебиетімен таныс болған, соның нәтижесінде шығыс қиссаларының сарынында «Гүлшат – Шеризат» дастаны жазылған. Бірақ та ақын дастанда шығыстық сюжетті қайталамай, түпнұсқаны өндеп, өзінше бір өзгеріс енгізіп, қазақша нұсқасын жасаған. «Гүлшат-Шеризат» дастаны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ақындық шеберлігінің айқын көрінісі болған айшықты шығармасы. Дастан адамшылық, әділдік, адал ниет тақырыбында жазылған, дастанда әділдіктің жеңіске жетуі, жастардың тағдыры, ғашықтық сөз болады, адамдарға жақсылық жасай білу, кешірімді бола білу насихатталады, сонымен қатар жаманшылық өкілдері өз жазаларын тартады, әділеттілік үстемдік құрады,

ал дүние үшін, байлық үшін өз досының аманатына қиянат жасаған арамзалар әшкереленеді. Автор зұлымдық пен жауыздықты, әділетсіздікті, қатыгездікті сөз ете отырып, жақсылықтың салтанат құруын, адалдықтың жеңіп отыратындығын көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат – Шеризат» дастаны шығыстық сюжетпен жазылған шығармаларының іргелісі.

Бұл шығарманың бірнеше ақын жазған бірнеше нұсқасы бар. Бірақ негізінен тақырыбы, сюжеттік желісі, жалпы шығарманың мазмұны, жағымды, жағымсыз кейіпкерлері, көтеріліп отырған мәселе бірдей. Ол – жағымсыз кейіпкердің дүние, мансап үшін зұлымдық жасауы, адамның жанын алуға дейін баруы, уақытша аманат етілген алтын таққа мәңгі отыру үшін түрлі айлаға баруы, зұлымдықтар жасауы, патшаның отбасының талқанын шығарып, айы-күні жетіп отырған ханымның басын алуы, өлі анадан тірі баланың туылуы, оның ер жетіп, өз әкесі үшін кек алуы, ғашықтардың адал сезімдері, арамзалардың жазаларын тартуы, әділеттіліктің салтанат құруы. Дастанда әділдік пен зұлымдық шайқасқа түседі. Басында зұлымдық үстем болғанымен, шығарманың соңында әділдік үстемдік құрады. Мазмұны жағынан, тақырыбы мен сюжеттік желісі жағынан бұл нұсқалардың арасында айтарлықтай өзгешелік жоқ деуге болады. Барлық нұсқаларда да жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, ақ пен қара қатар келе отырып, соңында тек әділдік жеңіске жетіп отырады. Дегенмен де, әр шығарманың өздеріне тән айырмашылықтары да бар. Яғни, шығарманың оқиғалық желісіне, сюжетіне қатысты айырмашылықтары, әр дастанның өзіне тән көркемдігі, ерекше құндылығы бар. Әр шығарма – қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік ерекше орны бар туынды.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларын баспаға дайындауда көп еңбек еткен, дастандарын зерттеген танымал ғалымдардың бірі – М. Бөжеев. Ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сол замандағы ақындар секілді шығыс қиссаларымен сарындас шығармалар жазғандығын сөз етеді. Ақынның дастандарының ішінде «Гүлшат–Шеризат» дастанына тоқталып өтеді. Дастан жайлы ғалым мынадай ой түйеді: «Гүлшат–Шеризаттың» тілдік, композициялық, тағы басқа ерекшеліктеріне қарағанда, шығыстық сарынды бұлжытпай сақтауды үнемі ұмытпағандық шамалы. Шығармада Бағдат, Шынмашын аттары аталып, уақиға сол жақта болып жатқан сияқты болғанмен, қалайда автор әлде қандай дерлік түп нұсқаға өзінше өңдеулер кіргізіп, әділдік, ғашықтық жайында өз ойын ұсынбақ болған сияқты. Қиссада жайы баяндалғандардың жаманшылық уәкілдері дегендері, сайып келген де, жазасын тартып, жеңіліске ұшыраса, жақсылық уәкілдері болып көрінгендердің әділ ісі қалай аяқталғаны түсіндіріледі. Дүниеге сатылып, зұлымдық істегендер, кісі қанын жүктеген мансапқорлар әшкереленеді, жазықсыз өлген анасының қасында, иесіз жерде жалғыз қалған Шеризатты

үш жасынан беске келгенше арыстан асырап, адам қауымына қосады. Шеризаттың асқан батыр, мархаматшыл, кешірімшіл болғаны, махаббаты берік, өзіне сай Гүлшаттай жар тапқаны сөз болады. Жендеттер қолынан қаза тапқан ханым елде қандай қасиетті адам ретінде сипатталады, өлгеннен кейін де кеудесінен «бұлақтай аққан сүт» үш жылға дейін таусылмайды.

Өлтіріп, өңшең залым тастап кетті,  
Өлі жаннан тірі жан қорек етті.  
Еш нәрсе сүттен басқа қорек қылмай,  
Талпынып, екі-үш жасқа бала жетті».

Автор «Гүлшат–Шеризат» қиссасын ғибратты ойын ортаға салу үшін жазғанын айтады. Адам басында боларлық әділетті, әділетсіз істердің жайын түсіндірмек, «қаралы ғарыштардың» көңілін ашпақ, атақ іздеп, араны ашылған жандарды әшкеремелемек, махаббатын ақтап, әділдік іздеген жастарды мадақтамақ [1, 18–19-бб.], – деп ғалым дастан жайлы осындай ой түйеді.

Дастан жалпы шығыстық сарында, шығыстық сюжетте жазылғанымен, автордың қолтаңбасынан қазақтың эпостық жырларының, батырлық жырларының белгілері бар екендігі анық көрінеді. Дастанды қазақтың басқа жырларымен салыстырып қарауға болады. Дастанда батырлар жырымен, қазақ ертегілерімен ұқсастықтар кездеседі. Мысалы, «Гүлшат–Шеризат» дастанында:

Ертеде бір патша өткен, аты – Көркін,  
Өзіне берген құдай дүние-мүлкін.  
Билеген жеті жұртты асып күші  
Тұрақтап кімге тұрар дүние, шіркін?!  
Жалғанда ондай болған патша жоқ-ты,  
Жігіттер, әуес қылма бұзықтықты.  
Болмаған мұңсыз пенде бұ жалғанда,

Сол патша перзент үшін болған күпті [2, 83-б.], – деп патшаның бір перзентке зар екені айтылады. Бұл қазақтың көптеген батырлар жыры мен ертегілерінде кездесетін мәселе. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында:

... Жиделі Байсын жерінде,  
Қоңырат деген елінде  
Байбөрі деген бай бопты,  
Төрт түлігі сай бопты.  
Тоқсан мың екен қорасы,  
Мұрындық, ноқта тимеген,  
Түйешілер мінбеген  
Сексен мың екен маясы.  
Соншама бай болса да,

Жоқ еді ердің баласы.  
Алланың өзі бермесе,  
Бенденің бар ма шарасы?

Осы секілді жолдар қазақ фольклорында көп кездеседі. Мысалы, бұдан басқа, «Алтын сақа» ертегісінде, «Қобыланды батыр» жырында дәл осы мәселе – перзенттің зарын тартып жүрген кейіпкерлердің тәнірге жалбарынып перзент сұрауы, перзентсіздік туралы жырланады. «Қобыланды батыр» жырында ата-анасы мойындарына бұршақ салып тілеп жүріп барып перзент көреді.

Кешегі өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда,  
Қарақыпшақ Қобыланды,  
Атасы мұның Тоқтарбай  
Халықтан асқан болды бай  
Сексенге жас келгенше  
Бір бала көрмей Тоқтарбай,  
Қайғыменен қан жұтып,  
Ақылынан адасқан:

«Еш нәрсе көрмей дүниеден  
Өткенім бе, деген, тұяқсыз», – деген жолдардан қартайған ата-ананың қайғылы тағдыры суреттеледі.

Шығарманың басында Көркін патша былайша суреттеледі:  
Ертеде бір патша өткен, аты – Көркін,  
Өзіне берген құдай дүние-мүлкін.  
Билеген жеті жұртты асып күші,  
Тұрақтап кімге тұрар дүние, шіркін?!  
Жалғанда ондай болған патша жоқ-ты,  
Жгіттер, әуес қылма бұзықтықты [2, 83-б.].

Ақын Көркін патшаның өте әділ, шыншыл және сол қасиетімен халыққа сыйлы болғанын айтады. Мұндай әділ патшалар көптеген фольклорлық және әдеби шығармаларда кездеседі. Көркін патша да дәл сондай әділ патша. Сондықтан да, патша қайғырып, жаратушыдан бала тілегенде бүкіл халық та онымен бірге жылап, бір перзент сұрап жалбарынады. Патша жараланып, оны еліне алып келгенде:

Патшаны алып келді теңге салып,  
Жылайды мұны көріп, жұртты налып.  
Болуы түбінде адам екі талай,  
Ажалдан тұрса-дағы бүгін қалып.  
«Патшадан әділетті айрылды!» – деп,  
Шуласып, зар жыласты барша халық.



Жылайды жұрты көріп мұндай халді,

Салған соң басқа құдай қайғы-зарды [2, 85-б.], – деп халықтың мұң-зарын, әділ патшаларын қимай тұрғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, дастандағы басты кейіпкерлердің бірі Гүлшат ару ерекше суреттеледі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дастанда хас сұлу Гүлшаттың көркін, сипатын, сұлулығын бейнелеуде ерекше поэзиялық сипаттаулармен береді:

Гүлшат сынды қара көз,  
Қалам қасты, нұрлы жүз.  
Ақ бетіне пар келмес  
Сарт тоқыған апшақ бөз.  
Ұзын бойлы, қыпша бел,  
Түзу, таза бір мін жоқ,  
Шыны айнаның көзіндей.  
Түзу ағаш құрған тез.  
Жұмақтың хор қызындай.  
Жылқының шаңқан бозындай,  
Айдын шалқар көлдегі,  
Иілген аққу-қазындай [2, 98–99-бб.].

Дастандағы Гүлшат сұлудың сипатталуы, оның көрікті де келбетті бейнесінің сомдалуы, арудың әсем келбетінің берілуі, ақынның сөз саптасы мен ішкі ой толғауы да ерекше бір өрнекпен суреттеледі. Аруды суреттеуде шығыс поэзиясы үлгісімен қатар қазақ поэзиясына тән өрнектер де кездеседі. Мысалы:

Тысқа шықты бұралып,  
Тал жібектей оралып.  
Кер маралдай керіліп,  
Оймақтай аузы бүріліп,  
Алтайы қызыл түлкідей,

Токсан түрлі құбылып [2, 98–99-бб.], – деген жолдармен суреттеуі қазақ поэзиясына тән өрнектер. Қазақ әдебиетінде жалпы сұлулық, әдемілік атаулы негізінен қыздарды бейнелеуге арналады. Сондай-ақ дастанда Гүлшаттың көркімен қатар ақылдылығы, білімділігі, парасаттылығы да сөз болады:

Құдайдың шүкірлік қыл бергеніне,  
Қалса да анаң өліп, өлмегенің!  
Әңгіме, қисса сөйлеп, көңілін алған

Тоғыз күн хайламенен тоқтатыпты, – деген өлең жолдарынан, Гүлшаттың Шеризатты жұбату үшін айтқан хикаясынан, оған күн сайын

кисса айтып, ашуын біртіндеп ақырын шығару үшін айтқан сөздерінен қыздың даналығын да көруге болады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтар болсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің туған халқын, тарихы мен тілін, отанын, салт-дәстүрін ерекше құрметтеген, оның саяси-әлеуметтік көзқарастарының басты өзегі – ұлттың бірлігі мен ұлттың бостандығы, мұсылман мен түркі халықтарының татуластығы мен достығы, тіл, дін, жер мәселелері. Ақын өлеңдері елдің жастарын елге, жерге, тілге, дінге, салт-дәстүрімізге деген құрметке, отаншылдық рухқа тәрбиелеуге көмектеседі.

Ақын шығармаларының негізгі арқауы – ұлттың тұтастығы мен татулығы, бірлігі, бостандығы мен еркіндігі, тәуелсіздігі. Ол білімді де білікті адам болу ғылым мен білімге байланысты, адамның ой-өрісі мен жан-жақты үйлесімді болуы оның біліміне, тәрбиесіне байланысты деп болжайды. Ақынның ойынша, ғылым мен білім, еңбекке құштарлық адамның танымдық қабілетін, ақыл-ойы мен парасатын жетілдіре түседі, адамның бойындағы жағымды да жақсы қасиеттерді қалыптастырады, сонымен қатар, адамның ақылды, білімді, ынталы, жігерлі болуына, алдына қойған мақсатына жетуіне деген сенімінің артуына ықпал етеді.

Бар өмірінде болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыруды мақсат еткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің ғұмырын өнегелі өмірге айналдырды. Сондықтан оның барлық рухани мұрасын зерттеу және осындай ірі тұлғаның ұлағатты өмір жолы мен ерен еңбегін лайықты бағалау, құнды тұстарын қордалау кейінгі ұрпақтың міндеті. Ақынның шығармалары қарастырылып, жинақталып, бірнеше том болып басылып шықты. Көптеген ғалымдар осы тақырыпта диссертациялар да жазды. Ғылыми еңбектер, ғылыми мақалалар да көптеп шығарылуда. Осыған қарамастан, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлі де зерттелмеген мұрасының өзі талай ұрпаққа үлкен рухани азық болатыны сөзсіз.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Бөжеев, М.** Замана кейіпкерлері : ғылыми зерттеулер. [Текст] // – Алматы. – 2013 – 312 б.

2 **Мәшһүр Жүсіп.** Мәшһүр Жүсіп шығармалары. [Текст]. 8 том. Павлодар. – 2023 жыл – 240 б.

3 **Көпейұлы, М.** Мәшһүр-Жүсіп Шығармалары. 8 том. Павлодар. – 2006 жыл – 276 б.

4 **Жүсіпов, Н. Қ.** Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы фольклорист. Павлодар-Улаанбаатор. – 2001 – 111 б.

5 **Баратова, М. Н.** Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дис. авторефераты. [Текст] // – Астана. – 2006. – 4 б.

6 **Бердібаев, Р.** Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы : Ғылым, – 1988 – 365 б.

7 **Кенжебаев, Б.** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1976, – 63 б.

8 **Сүтжанов, С. Н.** «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы» [Текст] // Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дис. авторефераты. – Алматы, 1994. – 4 б.

9 **Әміренов, Ә. Д.** «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» [Текст]. – Оқу құралы. – Павлодар, 2016. – 12 б.

10 **Тұрышев, А. Қ.** Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері : Филол. ғыл. док. дисс. авторефераты. [Текст]. – Алматы, 2005.

## References

1 **Böjeev M.** Heroes of the Times : Scientific Research. // Almaty, 2013 – 312 p.

2 **Mäshhür-Jüsüp.** Mäshhür-Jüsüp Şyğarmalary. [Works Of Mashhur-Zhusup] [Text]. 8 tom. Pavlodar 2023 jyl, 240 p.

3 **Köpeiüly, M.** Mäshhür-Jüsüp Şyğarmalary. [Works Of Mashhur-Zhusup] 8 tom. Pavlodar 2006 jyl, 276 p.

4 **Jüsüpov, N. Q.** Mäshhür-Jüsüp Köpeiüly fökloris. [Mashkhur-Zhusup Kopeev folklorist]. Pavlodar-Ulaanbaatar, 2001 – 111 p.

5 **Baratova, M. N.** Mäshhür Jüsüp öleñderiniñ janrlıq-stıldık erekşeligi Filol. ğyl.kand.ğylymi дәrejesin alu üşin дайындаған dis.avtoreferaty. [Genre and stylistic features of Mashhur Zhusup's poems] // – Astana, 2006. – 4 p.

6 **Berdibaev, R.** Qazaq fökloristikasynyñ tarihy. [History of Kazakh folkloristics]. Almaty : Ğylym, 1988. – 365 p.

7 **Kenjebaev, B.** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. [Kazakh literature of the early XX century]. – Almaty, 1976 – 63 p.

8 **Sütjanov, S. N.** «MäshhürJüsüp Köpeevtiñ әдеби мұрасы» [Literary heritage of Mashkhur Zhusup Kopeev] // Filol. ğyl. kand. ğylymi дәrejesin alu üşin дайындаған dis. avtoreferaty. – Almaty, 1994.

9 **Ämirenov, Ä. D.** «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» [Kazakh literature at the beginning of the XX century] [Text]. – Оқу құралы. Pavlodar, 2016. – 12 p.

10 **Turyşev, A. Q.** Mäşhür Jüsip şyğarmalary leksikasynyñ etnomädeni negızderi : Filol. ğyl. dok. diss. avtoreferaty. [Ethnocultural foundations of the vocabulary of Mashhur Zhusup's works] [Text] // – Almaty, 2005.

25.09.24 ж. баспаға түсті.

19.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Н. А. Нуркина

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 25.09.24.

Поступило с исправлениями 19.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

## ПОЭМА МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА «ГУЛЬШАТ-ШЕРИЗАТ»

*Данная статья является исследованием саги «Гульшат – Шеризат», написанной в сари восточных киссов Маихур Жусупа Копеевича. Всестороннее изучение творчества, в том числе саг, философа, просветителя, фольклориста, поэта, мыслителя, этнографа, историка, известного деятеля казахской культуры и литературы Маихур Жусупа Копеевича, занимающего особое место в истории казахской литературы, является одной из актуальных тем на сегодняшний день. Немало ученых, изучающих литературное наследие Маихур Жусупа Копеевича и привлекающих к этой теме почерк. По произведениям поэта защищено много диссертаций, опубликованы научные труды.*

*Значительную часть поэтического наследия М. Ж. Копеевича составляют саги, он поэт, написавший несколько крупных саг. Саги написаны на разные темы, в одной из них описана жизнь отдельных людей, в другой – жизнь общества, одна – на религиозную тему, а другая – из восточных сюжетов и написана в восточных мотивах. Сага «Гульшат-Шеризат» – это самобытное произведение Маихур Жусупа Копеевича, явившееся выражением поэтического мастерства. Сага написана на тему человечности, справедливости, добросовестности, в саге речь идет о победе справедливости, любви.*

*Цель статьи – рассмотреть саги Машхур Жусупа Копеевича, в том числе дать художественный анализ саги «Гульшат-Шеризат», выявить ее сходство и отличие от других саз.*

*Ключевые слова: саги Машхура Жусупа, идея, тема, сюжет, история изучения, художественная специфика.*

\*Н. А. Nurkina

Toraighyrov University,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 25.09.24.

Received in revised form 19.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

### **MASHKHUR ZHUSUP KOPEEV'S SAGA «GULSHAT-SHERIZAT»**

*This article is a study of the saga «Gulshat–Sherizat», written in the eastern narratives of Mashhur Zhusup Kopeevich. A comprehensive study of the work of Mashhur Zhusup Kopeevich, a philosopher, educator, folklorist, poet, thinker, ethnographer, historian, a well-known person of Kazakh culture and literature, including sagas, is one of the most relevant topics today. There are many scientists who have studied the literary heritage of Mashhur Zhusup Kopeevich and wrote on this topic. Many dissertations on the works of the poet were defended, and scientific works were also published.*

*A significant part of the poetic heritage of M. Zh. Kopeyuly is sagas, he is a poet who wrote several major sagas. Sagas are written on different topics, one of them describes the life of individuals, another describes the life of society, one is written on religious topics, and the other is taken from oriental plots and written in oriental style. The saga «Gulshat-Sherizat» is a bright work of Mashhur Zhusup Kopeevich, which is a clear demonstration of his poetic skills. The saga is written on the theme of humanity, justice, good faith, in the saga there is a victory of justice, love.*

*The purpose of the article is to consider the sagas of Mashkhur Zhusup Kopeevich, including an artistic analysis of the saga «Gulshat–Sherizat», to reveal its similarities and differences with other sagas.*

*Key words: Mashkhur Zhusup sagas, idea, theme, plot, history of research, artistic originality.*

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
4,76 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.  
Электронное издание  
4,76 МБ RAM  
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz